

Т.О.ӨСЕРОВ

ТҮРКІСТАН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ОТРЯДЫНЫҢ 2008-2011 ЖЖ.
АРАЛЫҒЫНДА «МӘДЕНИ-МУРА» АЯСЫНДА ЖУРГІЗЛГЕН
АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРИ

В статье автор дает сведения о результатах археологических работ и о восстановительных работах таких объектов как северо-восточные ворота средневекового г. Сауран, воротах Жеты ата, Мусалла, Такия, зимней орды Хана Абулмамбета расположенного в г. Туркестан, и его уложках.

Bu makalede, Türkistan'da bulunan Abilmambet Hanlı kış sarayı ve sokakları, Müsalla, Takiya, Jeti Ata kapıları, 1980'lerde orta asırda Savran şehrinin kuzey-doğu kapısı etrafında yapılan arkeolojik araştırmaların neticesi ve bu yerleşimlerin restorasyon çalışmaları hakkında bilgi verilmiştir.

Ұлы Жібек жолының тарихи орындары негізінде мәдени туризмді дамыту, олардың мемлекет тарихындағы халықты біріктіретін құндылықтар ретіндегі рөлін анып көрсететін жүйелі іс-шаралар өткізу мемлекеттің негізгі стратегиялық бағыттарының бірі. Бұғынгі күнге дейін біздің мол рухани қазынамыз әлемдік қауымдастық назарына жеткілікті ұсынылмай отыр, сол тұрғыда мәдени туризм де белсенді дамымай келеді.

Егеменді Қазақстанның бұғынгі өмірі мен оның жан-жақты даму перспективаларын мәдени мұрасыз елестету мүмкін емес. Мәдени мұра сана-сезімді қалыптастыру негіздерінің бірі, ізгілік пеш оташшылдық құндылықтар сабактастырын орындыруда зор әлеуетке ие. Қазақстан өз экономикасының маңызды саласы бола алғатын және болуы қажет туризм индустриясын дамыту үшін қуатты мәдени әлеуетке ие. Туризм тарих және мәдениет ескерткіштерін кең танытуға септігін тигізеді, республикамызының ел ішіндегі, сондай-ақ шет елдердегі биік беделін ынғайтады.

Елдің мәдени мұрасын зерделеуге, сактауға, қалпына келтіруге және тиімді пайдалануға бағытталған шаралар кепенін іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 10 желтоқсандағы N 1203 қаулысымен 2007 - 2009 жылдарға арналған "Мәдени мұра" салалық бағдарламасы бекітілді [1].

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайының Түркістан археологиялық отряды 2008-2011 жж. аралығында «мәдени-мұра» аясында Түркістан қаласын туристік қалаға айналдыру мақсатында бірқатар зерттеу жұмыстарын жүргізді. Атап айтсақ осы жылдар аралығында Түркістан қаласында орналасқан Әбілманбет ханының қысқы ордасы немесе қыстауы, осы аталған хан ордасының көшелері, Мұсәлла, Тәкия, Жеті-ата қақпалары және ортағасырлық Сауран қаласының солтүстік-шығыс қақпасы мен қаланың магистралді көшесінде археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізді. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде осы аталған тарихи нысандарға байланысты құнды тарихи деректер жиналды. Жиналған деректерге сүйеніп аталған археологиялық-тарихи нысандарда қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.

Хан ордасы. Тарихтан XVIII ғ. Ескі Түркістан қаласында екі хан ордасы (цитадель) қатар өмір сүргені белгілі. Бұл жайлы И.В.Ерофеевың «Казахские ханы и ханские династии в XVIII – середине XIX вв.» [2] деген еңбегінен және Б.Т. Тұяқбаева мен А.Н.Проскуриннің «Проект регенерации цитадели в городе Туркестане» деген мақаласынан толыққанды деректер табуга болады[3]. Тарихшы И.В.Ерофеевың мақаласындағы деректерде 1743-45 жж. аралығында Түркістанды және оның айналасындағы қалаларды Әбілмәмбет хан мен Сәмеке ханың үлкен ұлы Сейіттің екіге бөліп билегені айтылған. Бұл жайлы ең алғашқы деректі XVIII ғ. сонында жасалған Д. Г. Мессершмидт картасынан табамыз, (1-сурет). Бұл поляк суретшісінің біреудің аузынша берген дерегіне сүйеніп жасаған Тәуке ханың мәрі басылған Түркістан қаласында картасы. Бұл поляк суретшісінің біреудің аузынша берген дерегіне сүйеніп жасаған картада қаланың батыс бөлігінде үш жағы көшемен шектеліп, дуалмен қоршалған көлемі 1га жерге «Ханово место» деген анықтама жазылған. Бұл картаны қаланың 1875ж. жобасы мен 1954ж. картасын және кейінгі жылдардағы план-схемаларын салыстыра отырыш «Хан ордасының» дәл орынның анықтадық. Археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған табыстар бұл орынның 6-құрылым қабаты XVII ғ. соны мен XVIII ғ. бірінші жартысы арасында қалыптасқандығын [4] яғни бұл кезеңде Хан ордасын Тәуке хан, Қайыш хан, Болат хан, Сәмеке хан және Әбілмәмбет хандар мекен еткен кезеңге сәйкес келетінің дәлелденді. 1743-1745 жж. аралығында Сәмеке ханың үлкен ұлы Сейіт Ахмет Ясауи кесенесінің шығыс бетінен екінші Хан ордасын қалыптастырады. Әбілмәмбет хан өлген соң (1771ж.) қазба жүргізіліш жатқан Орданы оның ұлы Болат хан 1798ж. дейін мекен еткен деген тұжырым жасауға болады. 2011ж. қазбадан аршылған бөлмелердің 15-нің қабырғалары саз кесекпен қайта еріліп, сақталуына және маңыздылығына қарай олардың биіктіктері 1,2 м-ден 2 м дейін көтерілді. Бөлмелердегі сышалар, тандырлар, ташнаулар, сандалдар қайта қалына келтірілді. Қабырғалары сабан аралас сыйбақпен сыйбалыш, ханың тұрган үйінің бір бөлігі сол заманғы көрнісін тапты (2-сурет) [5].

Хан ордасына қатысты көпелерде жүргізілген жұмыстар. Түркістан археологиялық отряды 2011жж. «Мәдени-мұра» аясында Ескі Түркістан қаласында орналасқан Хан ордасына қатысты көпелерде зергтеу жұмыстарын жүргізді. Хан ордасының жалпы көлемі 13,200 кв м шамасында, төрт жағынан да көшемен және дуалмен қоршалған. Көпенің ені 3 – 5 м, ал, дуалдың қалыңдығы 0,5 – 1,2 м аралығында. Құрылымы дұрыс емес бұл төргүршіштың қарама-қарсы жақтарының өлшемдері мынадай: СШ=82м–ОБ=120м; СБ=105м–ОШ=110 м, бұған косымша – төргүршіштың ОШ жартысымен ұзындығы 110 метрлік тағы бір көше етеді. Бұл көше де аршылыш (XIX ғ. аяғы деңгейінде) қазбаның жалпы ұзындығы 527 м-ге жетті (3-сурет). Қазба барысында көпелер ені бойынша толық аршылғанымен дуалдардың тек Хан ордасын қоршаган беттегілері ғана ұзына бойына

Т.О.Өсеров. Түркістан археологиялық отрядының 2008-2011 жж. ...

аршылыш зерттеді. Толық етіліш екі жақ бетіндегі дуалдары да аршылғаны, тек ОШ бетті қоршаған магистраль көште ғана, оның ұзындығы 110 м, ені 4 – 5 м. Археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілген көшелерде қайта қалышна келтіру жұмыстары жүргізілді (4-сурет) [6].

Сауран қаласының солтүстік қақпасында жүргізілген жұмыстар. Сауран қаласы – қорған дуалдары неғұрлым толық қалышында сақталған әйгілі ортағасырылық қалалардың бірі. Сауран қаласы туралы жазба деректерде көптеп кездеседі.

XIV ғ. бірінші жартысында Сауран қаласы Ақ Орда мемлекетінің астанасы қызметін атқарған [7]. Сауран қаласын зерттеу П.И.Лерх шығармаларында, П.И.Пашинопың жол жазбаларында, А.И. Федченконың есептерінде аталып өтеді. Зерттеушілер қаланың және оның дуалдарының жақсы сақталғандығы мен медресе қирандысы туралы жазып кеткен болатын [8]. Қаладағы алғашқы арнайы зерттеу жұмыстарын А.Н. Бернштам басқарған Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы жүргізген [9].

2010-2011 жж. аралығында «Қазқайтажанғырту» мемлекеттік республикалық мекемесі жасаған тапсырысқа сәйкес, «Әзірет Сұлтан» қорық мұражайының Археология және ескерткіштерді қорғау бөлімінің Түркістан археологиялық отряды, Сауран қаласының солтүстік қақпасында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді.

Атальыш нысандада Республикалық «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Археология ғылыми-зерттеу оргалығы (М. Елеуов) 2005–2007 жылдар аралығында [10], «Түркістан археологиялық қызметі» ЖШС-гі 2009 ж. қазба жұмыстарын жүргізген [11]. Бұлардың алғашқысы қақпа артындағы дәліз құрылымын зерттеп оның төрт құрылымынан тұратындығын анықтаған және қақпа алдындағы ор [12] мен қарсы жағадағы көшірге қатысты құрылымдардың үстінгі бөлігін аршыған.

Түркістан археологиялық отрядының 2010-2011 жж. аралығындағы жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде қала қақпасы туралы көптеген археологиялық деректер жиналды. Жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарын сараштай келе, қала қамал қорғаны мен қақпасы XIV ғ. екінші жартысы мен XV ғ. басында түрғызылғаны және де бұл кезеңде қақпа алдында көшір болмағандығы, оның қызметін көлемі 11 м. болатын қорғаныс мұнарасы атқарғандығы дәлелденді (5-сурет). Сонымен қатар XV ғ. аяғында бұл мұнара бұзылып, кесектері қақпаның екі жағындағы мұнараларды жөндеуге, ал кіршітері олардың іргесін жабынмен жауыш бекітуге жұмсалғандығы анықталды. Археологиялық зерттеу жұмыстары қақпаның көтерме көшір тіреуіші мен көшірдің жағалық құрылымы XV ғ. аяғы мен XVI ғ. басында салынғандығын көрсетti [13]. Сауран қаласының солтүстік қақпасында қайта қалышна келтіру жұмыстары жүргізілді (6-сурет).

Ортағасырылық Сауран қаласының магистраль көшесі мен орталық алаңын аршылш өзінде жұмыстары. 2011 жылы Түркістан

археологиялық отряды маусым-шілде айларында ортағасырлық Сауран қаласының солтүстік қақпасының ішкі бетіндегі алаң, оған жалғасқан ұзындығы 200 метрлік магистраль көше (7-сурет) мен ол барып тірелетін көлемі 35Х20 метрлік орталық алаң зерттелді. Көшені аршу жұмыстары толық бітті, оның қақпадан әрі 100 м бөлігінің табанына қалындығы 10–15 см тақта тас төселген болыш шықты. Қалған бөлігін де бір кездері тас басып жатқан, алайда, бұл күндері ұрланыш кеткен. Медресе мен Ханака алдына орналасқан оргалық алаң да бір кездері күйген қышпен көмкерілгені байқалады, дегенмен ол да патша заманында-ақ тоналыш кеткен, әр-әр жерде сақталған қыш төсөніштерден алаңның айналадан төмен болғандығы сезілеуді (8-сурет). Көше мен алаңдан көптеген монеталар табылды. Қақпа түбіндегі алаңдан шығысқа, онтүстікке және солтүстік батысқа қарай үш магистраль көшелер кететіндігі анықталды. Көшенің ені 3-4 м, табаны айналадан 1–1,5 м төмен орналасқан [14].

Ескі Түркістан қаласында орналасқан қақпаларда жүргізілген зерттеу жұмыстары. Түркістан қаласының қақпалары жайлы ед алғашқы деректі Д.Г.Мессершмидтің құжаттары ішінен табылған Түркістан қаласының XVII ғ. аяғындағы планынан табамыз. Мұнда қаланы қоршаған қорған мен оның бойындағы алты қақпа мұнара түрінде берілген. Планды түсірген суретпі поляк ұлтынан болыш орыс қалаларынан басқа шығыс қалаларын көрмеген сияқты, қақпаларды Мәскеу Кремлі қақпалары сияқты мұнара түрінде салып, Әзірет Сұлтан кесенесін де биік мұнара-шіркеу түрінде бергені соны аңғартады.

Қақпалардың төртеуінің аты белгілі, алғаш рет олар жайлы Ескерткіштер шежіресінде жазылды [15]. Онда олар «Дарваза какпа, Мусалля какпа, Иетты ата какпа, Ишан какпа» деп берілген. Ишан қақпаның екінші аты «Тәкиә» немесе «Тәкиата». Бұл қақпа XIX ғ. 40-жылдары Қоқан билеушілері қаланы онтүстік-шығысқа қарай ұлғайтып жаңа қамал-қорғанмен қоршаған тұста басқа жерге онтүстік-батыс бұрышқа көшіріледі.

Тәкия қақпасында жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары. «Тәкиата» (Тәкиә) немесе «Ишан қақпа» деп аталған бұл қақпа Еврей моласына қарсы орналасқан. «Тәкиә» деген сөз дәруаштер, мұрилтер тоқталып зікір салатын жер деп көрсетеді «Араб-парсы сөздігінде» [16]. Алайда, басқа бір деректе «тәкия» - «цеховые дома» деп берілген. Белгілі ғалым А.Машанов «тәкия» дегенді «қонақ үйі» деп түсіндіреді [17].

Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасының жоспарына сәйкес Түркістан археологиялық 2009 жылдың сәуір-маусым айларында «Тәкиә» қақпасының орнында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді. Зерттеу жұмыстары нәтижесінде қақпа мұнараларының бұрыштары дөңгелене келген төртбұрышты болғандығы анықталды (9-сурет). Тәкиенің солтүстік

мұнарасында оның ішкі қабыргасын көлденең кесіп өтетін айналма тәркішек болған. Мұнараға құрылыштың шығыс бөлігінде орналасқан тар дәліз тәріздес жолдың көмегімен енуге мүмкіндік болған.

Қазба жұмыстары оңтүстік мұнараны басташқыда осы құрылышты қорғайтын және қызмет ететін адамдардың баспанасы ретінде жобаланып салынғанын көрсетті.

Тәқия қақпасының мұнарасына салынған кесіктен, мұнараның төменгі қабатын топырақ пен құмды араластырып көтергенін байқаймыз. Ал мұнараның жоғарғы құрлышы құрама тәсілмен, яғни шахса мен шикі кірпіштен тұрғызылғаны анықталды.

Тәқия қақпасының қалпына келтіріліп, тұрғызылғаннан кейінгі кездегі жалшы сипаттамасы төмендегідей: қақпаның қорған қабыргаларымен қоса есептегендегі ұзындығы; 31 м, екі жаңындағы қорғанның ұзындығы 4 метрден. Қақпаның жалшы биіктігі; 8 м, қорған қабыргасының биіктігі; 6 м. Қақпаның жоғарғы жағындағы тістері; 0,5 м. Кіретін қақпаның ені; 4 м, биіктігі; 3 м (10-11-сурет).

Қорыта келгенде, археологиялық зерттеулер мен заттай деректер (монета, керамика, шыны, темір) негізінде Тәқиә қақпасының XIX ғ. оргасы – XX ғ. басы аралығында өмір сүргендігі дәлелденді [18].

Жеті Ата қақпасында жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары. Жеті ата қақпасы оған қарсы орналасқан (қала сыртындағы) «Жеті ата» мазарының атымен аталған, бұл жерде Ахмет Ясаудің (өз өтініштері бойынша) бір молаға жерленген жеті мұридінің кесенесі орналасқан. Бір кездері мұнда қалың тұт бағы мен орасан үлкен мазарат болғандығын Нәрікбай ақсақал (қала тұрғыны-70 жаста) айтады. Қақпаның сыртындағы ор үстінде Бабырат ата көшірі болған. Қақпа алдындағы ордан «Бабырат ата көшірі» деп аталған көшір арқылы өткен керуендер мен сапаршылар Теке (Текке) қонысы арқылы Үшқайық өткеліне барыш Сырдан өткен соң өзеннің сол жағалауындағы елді мекендер Бұзұқ, Артық ата, Қаратөбе қалашықтарына соғып әрі қарай Куандария, Жақадарияны бойлап Хорезмге немесе Оңтүстікке қарай бұрылып Қауған, Ақтөбе, Шұлембайтөбе қоныстарына соғып Өзбекстанға сапар шеккен [19].

«Мәдени мұра» бағдарламасының жоспарына сәйкес, Түркістан археологиялық экспедициясының Түркістан отряды 2009-2011 жж. Жеті ата қақпасында зерттеу жұмыстарын жүргізді. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде қақпаға байланысты көптеген мәліметтер алыныш қақпа жобасы түсірілді (12-сурет). Жеті ата қақпасы XVIII ғ. соны мен XIX ғ. I-жартысында кішігірім ағап қақпа түрінде (ешбір мұнарсыз) қалыптасқандағын көрсетті. Қаланың бұл беттегі қорған қамалы зерттеушілердің шікірінше, XIV ғ. соны мен XV ғ. басында салынған [20]. XV ғ. соны мен XVI ғ. басында Түркістан мықты қорған қамалмен қоршалған бекіністі қалаға айналған [21]. XIX ғ. оргасында қала қорған қамалы қайта тұрғызылған тұста Жеті ата қақпасы қарапайым ағап қақпадан екі жағы мұнаралармен құшпейтілген, алдында

аспалы көшірі бар мықты қақпаға айналдырылады. Жеті ата қақпасы 1928-1932 жж. дейін сақталыш келген [22]. Қақпада қайта қалышна келтіру жұмыстары жүргізіліп жатыр (13-сурет).

Мұсәллә қақпасында жүргізілген археологиялық жұмыстар. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша 2009 ж. Ескі Түркістан қаласында зерттелуі және қалышна келтірілуі тиіс тарихи нысандардың бірі Мұсәллә қақпасы болатын.

Әзірет Сұлтан кесенесі алдындағы намаз оқитын алаң атымен аталған, арабша - «мусалла» - аллаға табыну, намаз оқу, ал «мусалла ал-ид» - мейрамдарда намаз оқитын жер дегенді білдіреді [23]. «Мұсәллә қақпа» осы намаз оқитын жерге баратын оңтүстік-шығыстағы қақпа. Қақпа орнын дәл анықтау үшін кейінгі ортағасырлық қаланың патша үкіметі әскери инженерлері түсірген 1864, 1865, 1875, 1883, 1900-1910 жж. пландары мен карталарын және 1951 ж. түсірілген план-схемасымен сәйкестендіріп жүргіздік.

1864 ж. планда Мұсәллә қақпасы сыртынан су толтырылған оры бар екі мұнаралы қақпа түрінде түсірілген. 1865 ж. план-схемада орыс инженерлері тек Түркістан әскери гарнizonы орналасқан қаланың шығыс бұрышын ғана түсірген. Бұған қоса (егер картага жүгінсек) әскери инженерлер Мұсәллә қақпасын мұлдем жауыш тастап тек шығыс мұнарасын қалдырганы байқалады. 1875 ж. план-картада жоғарыдағы алып мұнара қайта салыныш бір жағы доғал да ұзын түрге енген. Қақпа орнына кең өткел немесе «калитка» қойылған сияқты. 1883жылғы қаланың шығыс бет жартысы ғана түсірілген план-картада қаланың осы беттегі Мұсәллә және Иқан қақпалары да сыртындағы орымен қоса берілген, мұнда да Мұсәлләнің шығыс мұнарасы ғана бар және ол 1865 жылғыдай дөңгелек-шебер түрінде көрестілген. 1900-1910 жж. план-картада тек цитадель мен қаланың орыс әскери және ресми басқару ісі мен шаруашылық т.б. мекемелерінің қыметкерлері қоныстанған, халық «орыс қала» деп атап кеткен болігі түсірілген. Мұнда Мұсәллә қақпасының шығыс мұнарасы да сырлылып тасталған және қақпа орынында кең көшө пайды болған. 1951-1954 жж. план-схемасында цитадель қорған қабырғалары биік жал ретінде түсірілген, Мұсәллә қақпасының орнында кең көшө жасалған және шығыс мұнараның дәл үстіне үй түскендігін көруге болады.

Қақпа ізін аршу мақсатында түсірілген 200 кв метрлік қазба нәтижесінде 1,6-1,7 м тереңдіктен II-күрылым қабатына жататын түргын үй мен қала қорғаны қабырғасының іргесінің фрагменттері аршылып зерттеледі.

Табылған артефактылар (керамика, патша кіршіпі, монеталар) қүрылым қабатының XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басы арасында қалыштасқандығын дәлелдейді;

Қақшаның СШ мұнарасы орнына түсірілген қазба 170-220 см тереңдіктер аралығында қалың лай қабатынан тұратын іргетас орналасқанын

Т.О.Өсеров. Түркістан археологиялық отрядының 2008-2011 жж. ...

көрсетті. Іргетасының 1865ж. картадағы қайта салынған мұнараның екендігі айқын (14-сурет).


Мұсәллә қақпасының оңтүстік мұнарасы Шығыс моншасына баратын асфальт жолдың астында қалған болыш шығады, ал СШ мұнарасы болса асфальттан әрі шығысқа қарай 4-5 м жерде – Алматы алаңының тас шпиталары астында орналасқан дег есептейміз. Қалай болғанда да, қақпа орналасқан жер қаланың 1500 жылдық тойына орай әбден сәндеп, гулзар егіліп, фонтан орнатылып, жол салынып әдемі дизайндық шешімін тапқан жер болыш есептелетіндіктен істелген жұмысты қиратуға негіз жоқ дег таптық. Сонымен бірге, Мұсәллә қақпасының дәл салынатын қақпа кесек пен пахсадан емес, күйген қыптаң тұрғызылатындықтан қақпа орын оңтүстікке қарай 4-5 метрге жылжытып салынды. Реставрация тарихында мұндай оқиғалар жиі ұшырасады, тіпті қауіп төңген тұннұсқалардың өзін мұлде басқа жерге көшіріп қондырғандары да кездеседі. Қақпа қайта қалына келтіру жұмыстары жүргізілді(15-сурет) [24].

ӘДЕБІЕТТЕР

1. "Мәдени мұра" стратегиялық ұлттық жобасының 2009 - 2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 6 қарашадағы N 1016 Қаулысы.
2. Ерофеева И.В. Казахские ханы и ханские династии в XVIII середине XIX вв. // Культура и История Центральной Азии и Казахстана: проблемы и перспективы исследования. Алматы, 1997. С. 76-82
3. Туяқбаева Б.Т., Проскурин А.Н. Проект регенерации цитадели в городе Туркестане. //Известия МОН РК, НАН РК Сер. Общ. Наук. Вып. 1 (230), Алматы, С. 10-11.
4. Ақищев К.А. Байпаков К.М. Ерзакович Л.Б. Позднесредневековый Отрап. А-Ата., 1981. Рис.80, 1-4.
5. Тұяқбаев М.Қ. Өсеров Т. Құмісбаева Ұ. Мұсабаев Қ. Түркістан археологиялық отрядының хан ордасы территориясында 2010 ж. жүргізген қазба жұмыстарының есебі. «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайының мұрагаты, Түркістан, 2010.
6. Тұяқбаев М.Қ. Өсеров Т. Құмісбаева Ұ. Мұсабаев Қ. Ескі Түркістан қаласындағы Хан ордасын қоршаған көшпелерде 2011 ж. наурыз-сәуір айларында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының есебі. «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайының мұрагаты, Түркістан, 2011.
8. Байпаков К.М. Смағұлов Е.А. Оргағасырлық Сауран шаһары. Алматы, 2005. 7-9 66.
9. Лерх П.И. Археологическая поездка в Туркестанский край в 1867 г. СПб, 1870, 14, 21, 31-66; Пашинко П.И. Туркестанский край в 1886 г. Путевые заметки. СПб, 1868, 59-60-66; Федченко А.П. Путешествие в Туркестан. М. 1950, 46-6.
10. Бернштам А.Н. Проблемы древней истории и этногенеза южного Казахстана. Изв. АН КазССР, серия археолог. (67) 1950, №2, 82-6.
11. Елеуов М. Тұран археологиялық экспедициясының Республикалық «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жасаған «Оргағасырлық Сауран қаласы» келісім-шарт тақырыбында жүргізген зерттеулері (аралық) Ғылыми - зерттеу жұмыстары туралы 2005,2006,2007 жж, есептері. Архив ИА. [Көшірме].
12. Смагулов Е.А., С Ильяс, О.Н.Лушпенко. Отчет о расчистках раскопа 2007 г. На месте опор моста у северных крепостных ворот городища Сауран. Туркестан, 2009. Архив-музея заповедника «Азрет Сұлтан» [Ксерокопия].
13. Ақымбек Е.Ш. Оргағасырлық Сауран қаласының орындағы кесік // Тұран-Түркістан:

ТҮРКОЛОГИЯ, № 2, 2012

- тарихи-мәдени сабактастық мәселелері «Ежелгі дәуір және ортағасырлар» атты халықаралық конференция материалдары. Түркістан, 2006.63-67 66.
14. Тұяқбаев М.Қ. Сауран қаласының солтүстік қақпасында жүргізілген қазба жұмыстары // Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай өткізілген «IV Халықаралық түркология конгресі» атты конференция материалдары. Түркістан, 2011ж. 319-32466.
 15. Тұяқбаев М.Қ. Өсеров Т. Құмісбаева Ұ. Мұсабаев Қ. Сауран қаласының солтүстік қақпасында 2011 ж. жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының есебі. «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи -мәдени қорық мұражайының мұрагаты, Түркістан, 2011.
 16. Свод памятников истории и культуры Казахстана. Юж.Каз.область, А., С.264.
 17. Әрәб вә фарс сезләри лұғәти. Бакы, 1966; 607-бет.
 18. Машанов А. Әл-Фараби және Абай. Алматы, 1994. 107-бет.
 19. Тұяқбаев М., Өсеров Т. Түркістан археологиялық отрядының Тәкія қақпасында 2009 жылды жүргізген зерттеу жұмыстарының есебі. (Қолжазба) «Әзірет Сұлтан» қорық музейінің архиві. Түркістан, 2009ж.
 20. Тұяқбаев М.Қ. Түркістаның төрт қақпасының тарихи негіздері. «Түркістан нұры» әдеби-мәдени, тарихи журнал. Түркістан, 2009ж., №3. 112-117 66
 21. Смагулов Е.А. Комплекс керамики из бадраба городища Эски Туркестан // Загадки древнего Туркестана. – Алматы, 1998г. – 176с.
 22. Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII вв.: Извлечения из персидских и тюркских сочинений. – А-А., 1969. – С.289.
 23. Керімбеков К. Төрг қақпала Түркістан. «Түркістан» газеті, 2000ж. №21 (8283), 2-бет.
 24. Кочинев Б.Д. Средневековые загородные культовые сооружения Средней Азии. Ташкент, 1976. С.8.
 25. Тұяқбаев М.Қ. Өсеров Т. Құмісбаева Ұ. Мұсабаев Қ. Түркістан археологиялық экспедициясының Мұсәллә қақпасында 2009 ж. жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының есебі. «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи -мәдени қорық мұражайының мұрагаты, Түркістан, 2009.




1-сурет. XVIIғ. соңында жасалған
Д. Г. Мессершмидт картасы



2-сурет. Хан Ордасының қайта қалпына
келтірілгеннен кейінгі жалпы
көрінісі.


Т.О.Өсеров. Түркістан археологиялық отрядының 2008-2011 жж. ...



3-сурет. Хан орда көшелерінің жалпы жобасы.



4-сурет. Көшелердің қайта қалпына келтіру жұмыстары.



5-сурет. Сауран қақпасының жобасы




6-сурет. Қала қапасының көрінісі



7-сурет. Магистраль көшениң аршылғаннан кейінгі жалпы көрінісі




8-сурет. Шайқалмалы мұнарасы бар медресе алдында орналасқан орталық алаң.



9-сурет. Текия қақпасының жобасы





10-сурет. Қақпаның қайта қалпына келтіру жобасы.




11-сурет. Қақпаның қайта қалпына келгеннен кейінгі көрінісі.



12-сурет. Жеті Ата қақпасының жобасы.



13-сурет. Қақпаны қайта қалпына келтіру жұмыстары.



14-сурет. Мұсәллә қақпасының жобасы.



15-сурет. Мұсәлла қақпасының қайта қалпына келтірілгеннен кейінгі көрінісі.

REZUME

T.OSEROV (Turkistan)

**RESULTS OF THE ARCHAEOLOGICAL RESEARCH WORKS IN THE SPHERE
“CULTURAL HERITAGE” OF TURKISTAN ARCHAEOLOGICAL FORCE IN 2008-
2011 YR.**

In the article the author furnishes information on about the results of archaeological works and about the reducing works of such objects as northeastern gates in medieval age, Sauran the winches Of zhety ata, Musalla, Takiya, the winter horde of khan Abulmambet of that located in Turkistan city, and its by-streets.